

мәселелер туралы өз ұстанымын қалыптастыруды, кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігін дамыту дағдыларын меңгереді.

Әдебиет тізімі:

1. Беркенова Г.С. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу құралы. – Қостанай, 2012 ж. – 88 б.
2. Павлова В.С. Инновационный потенциал проектной технологии в системе профессиональной подготовки бакалавров // Вестник Кемеровского государственного университета 2015 №2 (62) Т.3
3. Околелов О. Новые образовательные технологий в вузе // Педагогика. – 2000. № 6. – С. 124-126.
4. Гушин Ю.В. Интерактивные методы обучения в высшей школе // Психологический журнал. – 2012. - №2, с-1-18.

Муканова Жанерке Жандаровна

Алматы қаласы химия- биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алматы қаласы

ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮРДІСІН ЖАҚСARTУДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ӘСЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада автор мұғалімге қазіргі оқу мен оқыту үдерісінде неге көңіл бөлу, нені ескеру керектігін айтып, кері байланыстың сабақ үдерісін жақсартудағы рөліне тоқталады. Кері байланыстың ескеру керек ерекшеліктерін атап өтеді. Кері байланыстың түрлеріне тоқтала отырып, оның тиімді түрлерін өз тәжірибесінен ұсынады.

Түйінді сөздер: *Тиімді оқу мен оқыту, кері байланыс, функционалдық сауаттылық, ерекшеліктері, тәжірибе*

АННОТАЦИЯ

Автор статьи обращает внимание читателей на роль обратной связи в процессе обучения. Она подчеркивает, что нужно применять различные виды обратной связи и приводит примеры из своей практики.

Ключевые слова: *Эффективное обучение, обратная связь, функциональная грамотность, особенности, опыт*

ABSTRACT

In this article, author implies what should be paid attention in the process of comprehensive teaching and training and focuses on the role of giving feedback as the tool to improve the learning process. And stresses the need to take into account the peculiarities of giving feedback. At the end the author concludes with the types of feedback and shares its effective ways from her own experience.

Key words: *Effective teaching, Feedback, functional literacy, features, an experience*

Білім беру үдерісіндегі жаңартылған оқу бағдарламасын ендірудің тиімділігі қазіргі қоғамда болып жатқан елеулі өзгерістер мектеп жайында білім берудің қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарға сын көзбен саралай отырып бағалауды, оқушылардың іздену қабілетін дамытуды талап етеді.

Қазіргі таңда оқушылардың көпшілігі, мектепте алған білімдерін өмірде қолдана алмайды. Сондықтан, қазіргі қоғамға сай функционалды сауатты етіп өсіруіміз керек. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, тұлғасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан

Республикасының зияткерлік, физикалық, психологиялық тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. [2] Сондай мақсатпен ашылған Назарбаев Зияткерлік мектебін атап кету керекпіз.

Қазіргі қоғамда мұғалім қандай біліммен сусындату керек? Ол білімді оқушы өмірде пайдалана алатындай қалай беруі керек? – деген сұрақтар қазіргі мұғалімдердің іздену сұрақтары болып отыр. [1] Қазіргі таңда мұғалім бұрынғыдай дайын кітапты, материалды бере алмайды. Себебі, қазіргі оқушы - мол ақпараттың иегері. Ғаламтор арқылы ол сіздің бергелі отырған ақпаратыңызды немесе материалыңызды әлдеқашан оқып алған немесе ол ақпарат қазіргі таңда актуальды емес. Мұғалімдердің алдында тұрған ендігі міндет осы біліп отырған ақпараттарын қолдана алуға, жинақтауға, оны бағалай алуға үйретуіміз керек. Осы тұрғыда оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс болуы шарт. Сіз мұғалім ретінде оқушының нені қажетсінетінін, не қызықтыратынын білмейінше, тиімді оқу болмайды.

Кері байланысқа физикалық тұрғыдан анықтама беретін болсақ. Электрондық күшейткіштер мен құрылғылардағы кері байланыс деп осы күшейткіш каскадтың немесе құрылғының шығысынан оның кірісіне арнайы электр тізбегі арқылы шығыс сигналдың бір бөлігін беруді айтады. Кері байланыс теріс және оң кері байланыс болып екіге бөлінеді. Теріс кері байланыс күшейткіштердің жұмысын тұрақтандыру үшін қолданылады. Көптеген автотербелмелі генераторлардың жұмысы оң кері байланысты пайдалануға негізделген. Тербелісті генерациялау және күшейту коэффициентін тұрақтандыру мақсатында шығысқа шығыс сигналдар бөлігін өткізу. Психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, әдейі хабар алу мақсатында тұлғааралық қарым-қатынас процесі. [3] Қарап отырсақ, механиканың өзіне де кері байланыстың керек екенін көреміз. Тіптен оң кері байланыстың күшейту коэффициентіне тікелей әсер ететінін байқаймыз. Тірі емес организм кері байланысты қажетсініп отырса, адамға ол ауадай қажет. Мұғалімнің өзі беріп жатқан сабағының қаншалықты тиімді болғанын оқушылардан кері байланыс арқылы ала алады. Сонда ғана мұғалім тиімді оқу мен оқыту жасай алады. Кері байланыстың өзін төмендегідей етіп топтауға болады: вербалды және вербалды емес, ауызша және жазбаша.

Оқу мен оқыту жүйесінде кері байланысты тиімді пайдалану - оқытуға әсер етудің мықты құралы болмақ. Мұғалімнің сабақты жақсартуға, оның тиімді жолдарын іздестіруге мүмкіндігі туады. Алайда, мен қазіргі таңда формальды қалыптасқан кері байланысты айтқалы отырған жоқпын. Мысалы, баға қою, тест шешу, оқыту жүйесін автоматтандыруды іске асыру - бұл нәтижелі кері байланыс болып табылмайды. Кері байланысты нәтижелі іске асыру үшін төмендегі ерекшеліктерді ескеруіміз керек:

- Кері байланыстың мақсаттылығы. Кері байланыс сіздің сабағыңызда нақты білім мен дағдыға мақсатты түрде бағытталуы керек.

- Кері байланыстың нақтылығы. Оқушы нақты нені біліп отыр немесе нақты сабақта нені жетілдіру керек. Мұғалім алдына мақсатты түрде оқушының нақты деректерін, жазба жұмыстарын саралап, келесі сабаққа жүйелейді.

- Кері байланыстың объективтілігі. Мұғалімнің өзінің жинаған деректерін объективті түрде талдай алуы қажет. Әрине, оқушыға мадақтау мен мақтау айтқанда, кері байланыс өз объективтілігін жоғалтпауы шарт

- Кері байланыстың өзектілігі. Оқытушы кері байланысты нені жақсарту үшін беріп отырғандығын түсінуі қажет. Яғни сол сабақта кері байланыс қаншалықты өзекті екенін білу маңызды.


- Кері байланыстың жүйелілігі. Әрине, қандай да бір жүйелілікті сақтауымыз керек.

- Кері байланыстың мазмұндылығы. Қандай да бір жоспарға негізделуі керек.

Кері байланыстың нәтижесі қандай да бір қорытындыға мұғалімді жетелуі керек.

Кері байланыстың маңыздылығы мен өзектілігін түсінгеннен бастап, сабақтарымда мақсатты түрде оқушыға кері байланыс беріп, оны өзімнің жазбамда рефлексия жасап отырдым. Өз тәжірибемнен мысал келтіретін болсам, кері байланыс арқылы мен

оқушылардың білім сапасын жақсартқанымды айта аламын. Оны төмендегі I тоқсан мен II тоқсанның білім сапасының салыстармалы көрсеткішінен байқай аласыздар.



Мен үшін тиімді болған кері байланыстарды ұсынбақшымын. Әрбір сабақ кезінде оқушылардан жазбаша кері байланыс сұрап отырдым. Бұл менің сабақтың жалпы жүйесін, құрылымын жүйелеуге көмегін тигізді. Төмендегідей сұрақтарды қамтып отырдым:

Сабақта маған не пайдалы болды?

Сабақта маған не қызықты болды?

Сабақта маған не қиын болды?[4]

Жазылған мәліметтерді саралап, жүйелеп отырдым. Оқушының әлсіз бен күшті жақтарын білуде SWOT кестесін толтырып отырды. Әрбір тарау аяқталғанда толтыртқыза отырып, оқушыны неден қалып бара жатқандығы, нені жақсы меңгергендігін сараптай алуға өте тиімді. Ауызша мақтау, мадақтау да өз нәтижесін берді. Сабақты бірден алып кете алмайтын оқушыға бір сөз жылы лебізіңізді айта салсаңыз төбесі көкке жетіп, келесі

сабағыңызда белсенді қатысып отыратын болады. Мына төмендегі кестені шығарманы немесе үлкен кітапті аяқтағанда толтыруға ұсынамын.

Маған не ұнайды	Маған не ұнамайды
Қиындықтар ... /Сұрақтар ...	Менің өсіме ... салады

Қорытындылай келе, ағылшындық Рег Реванс : «Адамдар өз жұмысының нәтижесінде үйрене алмайды. Оларға міндетті түрде кері байланыс қажет» деген екен. Сондықтан да мұғалім үнемі оқушыға кері байланыс жасап отыратын болса, тиімді оқыту мен оқуға қол жеткізбек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», II деңгей, Алматы қаласы, 2013 (32б)
2. Функционалдық сауаттылық <http://pedagog-help.ucoz.ru/>
3. Кері байланыс <https://kk.wikipedia.org>
4. Тренерлерге арналған үлестірмелі материалдар, 2015ж (60-61 б)
5. Олешук О.В Эффективная обратная связь- 2013ж (85-87б)
6. John Hattie and Helen Timperley. Power of Feedback- 2007ж